

БІЛІМ БЕРУДІ ҚАЗЖЕТ ЕТЕТІН БАЛАЛАРДЫ ЗЕРТТЕУ ИЗУЧЕНИЕ ДЕТЕЙ С ОСОБЫМИ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫМИ ПОТРЕБНОСТЯМИ

УДК 376.37
МРНТИ 14.29.29

Ә.Әбен¹, С.С. Жақипбекова²

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Алматы қ., Қазақстан

СӨЙЛЕУ ТІЛІ ЖАЛПЫ ДАМЫМАҒАН ІІ ДЕҢГЕЙДЕГІ БАЛАЛАРДЫҢ (9-10 ЖАС) ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ЕТІСТІКТІҢ ШАҚТАРЫН ҚОЛДАНА БІЛУ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

Аңдатпа

Бұл мақалада сөйлеу тілі жалпы дамымаған ІІ деңгейдегі балалардың (9-10 жас) қазақ тіліндегі етістіктің шақтарын қолдана білу әдіс-тәсілдері қарастырылды. «Арнайы және инклюзивті білім берудің ұлттық ғылыми-практикалық» орталығының ресми деректеріне сүйенер болса, еліміздегі ерекше білімді қажет ететін балалардың ішінде сөйлеу тілінің бұзылысы бар балалар санының арту тенденциясы байқалады. Сөйлеу тілінің бұзылыстарының арасында сөйлеу тілінің жалпы дамымауы ауыр түрлерінің бірі болғандықтан – тақырып үнемі өзекті болып табылады.

Сөйлеу тілінің жалпы дамымауы (СТЖД, кейбір әдебиет көздерінде ЖСТД) балалардағы интеллектуалды дамудың және естудің қалыпты жағдайындағы сөйлеу тілінің барлық саласының бұзылысын көздейтін бұзылысы түрі ретінде қарастырылады. Бұзылысты зерттеу ең алдымен Ресей ғалымдарының назарын аударар болса, кейіннен Отандық логопедия ғылымында да бұзылысты зерттеу үрдісі қалыптасты. Сөйлеу тілінің жалпы дамымауын зерттеген отандық авторлардан Қ.Қ. Өмірбекова, Г.Б. Ибатова, Г.Н. Тулебиева, Г.С. Оразаева және т.б. авторларды атап өтуге болады.

Сөйлеу тілінің жалпы дамымауы, жоғарыда атап өткендей, сөйлеу тілінің барлық жағының бұзылысын қамтиды. Сонымен қатар, балаларда сөз таптарын қолдану барысында да өрескел қателіктер кездеседі. Мәселен, бастауыш сынып оқушылары етістіктің шақтарын қолдану барысында жиі қателер жібереді. Сол себепті, тақырыпты зерттеу және дамыту кешенін толықтыру маңызды тақырыптардың бірі болып саналады.

Кілттік сөздер: сөйлеу тілінің жалпы дамымауы, етістік, етістік шақтары, қазақ тілі.

Абен Ә.¹, Жақипбекова С.С.²

^{1,2}Казахский национальный педагогический университет имени Абая
г. Алматы, Казахстан

СПОСОБЫ И ПРИЕМЫ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ГЛАГОЛЬНЫХ ВРЕМЕН В КАЗАХСКОМ ЯЗЫКЕ ДЕТЬМИ ІІ УРОВНЯ (9-10 ЛЕТ) С ОБЩИМ НЕДОРАЗВИТИЕМ РЕЧИ

Аннотация

В данной статье рассмотрены методы и приемы использования глагольных времен в казахском языке детьми ІІ уровня (9*10 лет) с общим недоразвитием речи. Опираясь на официальные данные Национального научно – практического центра специального и инклюзивного образования, наблюдается тенденция увеличения числа детей с нарушениями речи среди детей, нуждающихся в особом образовании в стране. Поскольку общее недоразвитие речи среди речевых расстройств является одной из наиболее тяжелых форм – тема постоянно актуальна.

Общее недоразвитие речи (ОНР) рассматривается как вид нарушения у детей, предполагающий нарушение всех сфер речевого развития и слуха в нормальных условиях. В то время как изучение расстройства привлекло в первую очередь внимание российских ученых, в дальнейшем в

Отечественной логопедической науке сложилась тенденция к изучению расстройств. Среди отечественных авторов, изучавших общее недоразвитие речи, можно отметить К.К. Омирбекову, Г.Б. Ибатову, Г.Н. Тулебиеву, Г.С. Оразаеву и др.

Общее недоразвитие речи, как отмечалось выше, включает нарушение всех сторон речи. Кроме того, у детей также возникают грубые ошибки при использовании классов слов. Например, учащиеся начальной школы часто допускают ошибки при использовании времен глаголов. Поэтому одной из важных тем считается дополнение методического комплекса.

Ключевые слова: общее недоразвитие речи, глаголы, время глагола, казахский язык.

Aben A.¹, Zhakipbekova S.S.²

*¹Kazakh National Pedagogical University named after Abai
Almaty, Kazakhstan*

METHODS AND TECHNIQUES OF USING VERB TENSES IN THE KAZAKH LANGUAGE BY CHILDREN OF LEVEL III (9-10 YEARS OLD) WITH GENERAL UNDERDEVELOPMENT OF SPEECH

Abstract

This article discusses the methods and techniques of using verb tenses in the Kazakh language by children of level III (9-10 years old) with general speech underdevelopment. Based on official data from the National Scientific and Practical Center for Special and Inclusive Education, there is a tendency to increase the number of children with speech disorders among children in need of special education in the country. Since the general underdevelopment of speech among speech disorders is one of the most severe forms, the topic is constantly relevant.

General speech underdevelopment (GSU) is considered as a type of disorder in children, suggesting a violation of all areas of speech development and hearing under normal conditions. While the study of the disorder attracted the attention of Russian scientists in the first place, later in the Domestic speech therapy science there was a tendency to study the disorder. Among the domestic authors who studied the general underdevelopment of speech, one can note K.K. Omirbekova, G.B. Ibatov, G.N. Tulebieva, G.S. Orazava, etc.

The general underdevelopment of speech, as noted above, includes a violation of all sides of speech. In addition, children also have blunders when using word classes. For example, elementary school students often make mistakes when using verb tenses. Therefore, one of the important topics is considered to be the addition of the methodological complex.

Keywords: general underdevelopment of speech, verbs, verb tense, Kazakh language.

Кіріспе. Сөйлеу тілінің жалпы дамымауы және олардың даму мәселелері бүгінгі таңда кеңінен зерттеліп жатқан тақырыптардың бірі болып табылады. Сөйлеу тілінің жалпы дамымауы (немесе, жалпы сөйлеу тілінің дамымауы) ең алдымен Р.Е. Левина, Т.Б. Филичеваның еңбектерінде сөйлеудің кешенді бұзылысы ретінде сипатталды және төрт деңгейді қарастырды [1; 2].

Бұл бұзылыс жағдайындағы етістікті қолдану сипатына келер болсақ, бастауыш сынып жасындағы балалардың басым бөлігінде етістік шақтарын алмастыру, өзара ажырата алмау сияқты қателер кездеседі.

Етістіктің онтогенезде қалыптасу кезеңділігіне келер болсақ, сәбилерде етістік ең алдымен 3 жасында бұйрық рай түрінде қалыптаса бастайды. Яғни, бала сөздік қорында етістікті тек осы рай түрінде қолданады. Мәселен, «Су бер, кел, бар». Шамамен, 3,2-дан кейін балалардың етістік шақтарының алғышарттарын меңгере бастайды. Бұл тек қана етістіктің шағы ғана емес, сонымен қатар, балаларда үстеу сөздердің қалыптасуымен де байланысты болады. Яғни, бала «кеше бардым», «ертең барамын», «бүгін барамын» деген сияқты тіркестерді қолдана отырып, етістіктің шағын көрсете алады. Ал, 5 жастан кейін бала өзге сөз таптарынан өз бетінше етістік құрастырып, оны

эртүрлі рай мен шақта қолдана алады. Ал, етістіктің қалыптасуы 6-7 жасында аяқталады және бала бұл жаста ана тіліндегі етістікті толығымен меңгереді [3].

Ал, сөйлеу тілінің жалпы дамымауы жағдайында бұл кезеңділіктің өрескел бұзылысы орын алады және бұл үрдіс кешенді түзету жұмысын талап етеді. Сол себепті, етістік шақтарын қолдануға арналған әдіс-тәсілдерді жетілдіру зерттеуді қажет ететін тақырып болып табылады.

Әдебиеттерге шолу. *Сөйлеу тілінің жалпы дамымауы* – есту қабілеті мен интеллекттің қалыпты болуы жағдайындағы сөйлеудің құрамдас бөлігінің барлық жағының бұзылысы.

Сөйлеу тілінің жалпы дамымауы бар балалардың педагогикалық – психологиялық сипаттамасын салыстырмалы түрде қарастырамыз [4].

СТЖД III деңгейіндегі балалардың сөйлеу тілінің дамуының ерекшеліктері. Сөйлеу тілінің дамымауының бұл деңгейі жалпы деңгейдегі сөйлеумен сипатталады. Балалардың басты сипаттамасы I және II деңгейге қарағанда сөйлеу тілінде фразалардың пайда болуы болып табылады. Атап айтқанда, I деңгейде балалар тек еліктеу сөздерімен шектеліп, II деңгейде қарапайым сөздерді біріктіре алатын болса, бұл деңгейде балалардың фразалары грамматикалық және лексикалық құрылымның элементтеріне құрылған сөз тіркестерінен тұрды. Мысалы, бала «Маған сүт бер» сөзінің орнына «Маған сүт бей» деп айтуы мүмкін. Мұндай құрылымдағы фразалардың болуы алдыңғы екі деңгейге қарағанда өзгелерге, қоршаған ортасына түсінікті болып келеді [5; 6].

Балалардың ауызша сөйлеу тілінде еліктеу сөздерінен бөлек үстеулердің қарапайым түрлерін де қолдана алады. Күрделі шылаулар мен қызметтік сөздер сөйлеу тілінде ішінара кездеседі. Бұл топтағы балалар сөздерді өзара үйлестіре алады, алайда, жоғарыда атап өткендей бірқатар грамматикалық қателерді жібереді. Ал, мұндай үйлесімсіздік қарым-қатынас дағдыларының дөрекі бұзылыстарына алып келеді. Балалардың сөйлеу тілінде синонимдер мен антонимдер сирек қолданылады. Сонымен қатар, сөздерді өзара септеулік жалғаулар арқылы байланыстыру деңгейі төмен.

Сондай-ақ, өзгелердің сөзін түсінуі жақсырақ дамыған деп айтуға болады. Балалар өзге тараптың айтқан сұрақтарына жауап бере алады, диалог құру дағдысының алғышарттарының қалыптасу құбылысы байқалады [7].

Сөйлеу тілінің жалпы дамымауы бар III деңгейдегі балаларда сөздік қоры шектелген, алайда онда барлық сөз таптары кездеседі. Балалар күнделікті жиі қолданатын сөздерді ғана біледі. Сирек қолданылатын сөздер баланың сөздік қорында белсендірілмеген. Мысалы, балалар «жемістер» лексикалық тобы бойынша алма, банан мен апельсинді білуі мүмкін. Ал, бұл топтағы өзге сөздерді бала білмеуі мүмкін. Дегенмен, сөйлеу тілінде сын есімдерді, сан есімдер, үстеулер мен шылауларды қолдана алады [8].

Байланыстырып сөйлеу тілінде ауызша тұжырымдарды жеткізудің қиындықтары байқалады. Ауызша тұжырымдар кезінде балалар жай сөйлемдерді қолданады. СТЖД III деңгейі бар балалар ересектердің көмегінсіз әңгіме құрастыра алады және оны өзгелерге жеткізе біледі. СТЖД I және II деңгейіне қарағанда олардың сөйлемдерді өзара логикалық үйлесімді сипатта болады.

III деңгейдегі балалардың дыбыс айтуының ерекшеліктеріне келсек, бұл саланың толық қалыптаспағандығын атап өтуге болады. Зерттеулерге сүйенсек, балаларда шамамен 2-3 дыбыс тобының бұзылысының болатындығы белгілі болып отыр. Соның салдарынан сөйлемдер құрау барысында сөздердің бұрмалануы байқалады [9].

Сөйлеу тілінің жалпы дамымауы бар балалардың етістікті игеру деңгейіне келер болсақ, мұнда да бірқатар мәселелерді атап өтуге болады. Сөйлеу тілінің жалпы дамымауы бар балалардағы етістік сөздердің қалыптасуын зерттеген авторлар оны тек қана жеке сөз табы ғана емес, сонымен қатар, лексикалық және лексикалық – грамматикалық саламен тығыз байланысты деп атап өтті. Демек, етістікті зерттеу дербес емес, өзге салаларды бірге қамти отырып жүзеге асырылуы тиіс [10].


Зерттеу әдістері және материалдары. Зерттеу жұмысы 2023 жылдың I тоқсанында 9-10 жастағы сөйлеу тілі жалпы дамымаған 20 баламен өткізілді. Зерттеу жұмысының негізін арнайы педагогикадағы озық қағидаттар құрады және балалардың жас ерекшеліктеріне сай мынадай әдістер таңдалынып алынды:

1. «Анықтау сұрақтары» әдісі
2. «Сюжетті сурет» әдісі

Зерттеу нәтижелері. Зерттеу жұмысының барысында ең алдымен анықтау сұрақтары арқылы диагностика жұмысын өткіздік. Мұнда балаларға эксперимент өткізуші бірнеше сұрақтар мен тұжырымдар қойды және сұраққа жазбаша жауап беру кезіндегі етістіктерді қолдану сипатына баға беру арқылы нәтижелерді шығады. Балаларға «Сен қашан сабаққа келдің?», «Үйіңе қашан барасың?», «Мен кеше қонаққа бардым», «Анам кеше маған бәліш пісіріп берді» және «Мен болашақта мұғалім боламын» тұжырымдамалары мен сұрақтары қолданылды. Жазбаша жауаптар үшін қатысушыларға 5 карточка таратылып, етістікті білдіретін сөздің орны бос қалдырылды. Бала сөйлемді оқып, бос орынға тиісті етістікті жазуға нұсқаулық алды. Тапсырманы орындау барысы «жеткілікті, орташа және жеткіліксіз» деңгейлер арқылы белгіленді. Жеткілікті деңгей баланың 3 және одан көп жауабы үшін берілді. Ал, 2 сұраққа дұрыс жауап берген кезде орташа деңгейге сай болды. Ал, 0 және 1 дұрыс жауап жеткіліксіз деңгейді білдірді. Осылайша, зерттеу тобындағы 6 бала жеткілікті, 6 бала орташа және 8 бала төмен деңгейге ие болды. Пайыздық көрсеткіштер бойынша 30% жеткілікті, 30 % орташа және 40 % төмен деңгей анықталды.

Келесі әдіс бойынша балаларға олардың жасына сай сюжеттік сурет ұсынылып, оларды мазмұндау кезіндегі етістікті қолдану деңгейіне баға берілді. Сюжеттік сурет барысы етістікті білдіретін сөздерге негізделген. Бағалау жүйесі «жоғары», «орташа» және «төмен» деп бағаланды. Жоғары деңгей баланың сюжеттік суреттегі оқиғаларды сәйкес шағына сай мазмұндауын, оларды логикалық үйлесімді жеткізуін қамтыса, орташа деңгей бір немесе екі шағын қатенің болуын болжайды. Ал, төмен деңгей кезінде үш және одан көп қателіктер кездеседі. Бұл тапсырманы орындау кезінде 4 бала жоғары, 5 бала орташа және 11 бала төмен деңгейге ие болды. Пайыздық көрсеткіштер бойынша 30% жеткілікті, 30% орташа және 40 % төмен деңгей анықталды.

Бастапқы сынақтан өткізу жұмысының нәтижелерін төменгі суретте ұсынамыз.




Сурет 1 – Бастапқы көрсеткіштер

Зерттеудің бастапқы көрсеткіштерін ескере отырып, сөйлеу тілі жалпы дамымаған 9-10 жастағы балалардың етістіктің шақтарын қолдана білу әдіс-тәсілдері ретінде бірнеше түрін қарастырдық. Олар:

1. «Уақыт аралы» әдісі
2. «Бұны кім жасады?» әдісі
3. «Сенің арманың қандай?» әдісі
4. «Уақыт қалашығы» әдісі
5. «Сөздер қоржыны» әдісі

Ұсынылған әдістер сынақ мерзімі кезінде жеке сабақтарда қолданылды және оқушылардың жеке нәтижелеріне оңды әсер етті. Ұсынылған әдістердің тиімділігін растау мақсатында қорытынды сынақ жүргізілді. Алынған нәтижелерді төменгі суретте ұсынамыз.



Сурет 2 – Қорытынды көрсеткіштер

Нәтижелер және оларды талқылау. Етістік – қарым-қатынаста қолданылатын басты сөз табы. Етістік арқылы әрекетті, іс-қимыл мен іс-әрекеттің нәтижесін білдіру мүмкіндігі болғандықтан – оны меңгертуге арналған әдіс-тәсілдерді толықтыру маңызды болып табылады. Ұсынылған әдіс – тәсілдер бастауыш сынып оқушыларының үлгілік оқу бағдарламасына сай әзірленіп, өткен шақ, осы шақ және келер шақты меңгертуге арналған тапсырмалар әзірленді. Алынған нәтижелерден кейін оқушылардың шақтарды нақты саралай алуы, өзара ажырата алуы дами түсті. Сол себепті, әдістерді тиімді деп бағалауға негіз бар.

Қорытынды. Сонымен, сөйлеу тілі жалпы дамымаған (III деңгей) 9-10 жастағы оқушылардың етістіктің шақтарын меңгеруінде бірқатар қиындықтар бар екендігі анықталды және оны жеңу мақсатында тиімді әдістер ұсынылды. Қорытынды көрсеткіштердің тиімділігін ескеріп, жүргізілген эксперименттік жұмысты сәтті өткізілді деп қорыта аламыз.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

[1] *Логопедия: Учебник / Под ред. Л. С. Волковой. - М.: Знание, 2010. – 215 с.*

[2] Левина Р. Е. Основы теории и практики логопедии. - М.: Знание, 2009. – 314 с.

[3] Жукова И.С., Мастюкова Е.М., Филочева Т.Е. Преодоление общего недоразвития речи у дошкольников. - М.: Знание, 2010. – 340 с.

[4] Лопухина, И.С. Логопедия, упражнения для развития речи: Пособие для логопедов и родителей /И.С. Лопухина - СПб.: Дельта, 1997. - 336 с.

[5] Схема логопедического обследования ребенка с общим недоразвитием речи (от 4 до 7 лет) / Сост. Н.В. Серебрякова, Л.С. Соломаха // Диагностика нарушений речи у детей и организация логопедической работы в условиях дошкольного образовательного учреждения. - СПб.: Детство – пресс, 2007. – 224 с.

[6] Өмірбекова Қ.Қ. Сөйлеу тілі жалпы дамымаған (IV деңгей) балалармен логопедиялық жұмыс ұйымдастыру. Алматы. 2015. – 201 б.

[7] Новоторцева Н.В. Развитие речи детей. Преодоление ОНР. - М.: Знание, 2009. – 260 с.

[8] Волкова Л. С., Шаховская С. Н. Логопедия. – Москва, гуманитарный издательский центр ВЛАДОС, 2003 – 678 с.

[9] Ибатова Г.Б. Сөйлеу тілі жалпы дамымаған III деңгейдегі балалармен логопедиялық жұмысты ұйымдастыру. Әдістемелік ұсынымдар. Алматы, 2014. – 70 б.

[10] Правдина О. В. Логопедия. Учеб. пособие для студентов дефектолог. фак-тов пед. ин-тов. Изд. 2-е, доп. и перераб. - М., «Просвещение», 1973. - 272 с.

ӘОЖ 336.719
МРНТИ 14.29.29

З.Н. Бекбаева¹, Г.Ж. Әлмұханбет²

¹ғылыми жетекшісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы

²7М01902 – Арнайы педагогика мамандығының 2-курс магистранты

Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ., Қазақстан

gaukhar_9_3@mail.ru

СӨЙЛЕУ ТІЛІ ЖАЛПЫ ДАМЫМАҒАН (3 ДЕҢГЕЙ) БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН ОТАНСҮЙГІШТІККЕ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа

Бұл мақалада сөйлеу тілі жалпы дамымаған бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеудің ерекшеліктері зерттелген. Сөйлеу тілі жалпы дамымаған (3 деңгей) бастауыш сынып оқушыларын отансүйгіштікке тәрбиелеудің қажеттіліктері айқындалған. Отансүйгіштікке тәрбиелеудің мүмкіндіктері сипатталған. Отансүйгіштікке тәрбиелеудің құралдары жіктелген. Патриоттыққа тәрбиелеу мәселесіне байланысты зерттеу жүргізген философтар, психологтар, педагогтердің ғылыми еңбектеріне теориялық тұрғыда талдау жасалған.

Кілт сөздер: сөйлеу тілі жалпы дамымаған, логикалық операциялар, қоғамдық орта, отансүйгіштік, психологиялық қатынас.

Бекбаева З.Н. ¹, Алмұханбет Г.Ж. ²

¹научный руководитель, кандидат педагогических наук, старший преподаватель

²магистрант 2 курса по специальности 7М01902-Специальная педагогика

КазНПУ имен г. Алматы, Казахстан

ОСОБЕННОСТИ ПАТРИОТИЧЕСКОГО ВОСПИТАНИЯ УЧАЩИХСЯ НАЧАЛЬНЫХ КЛАССОВ С ОБЩИМИ НЕДОРАЗВИТИЯМИ РЕЧИ (3 УРОВЕНЬ)

Аннотация

В данной статье рассматриваются особенности воспитания учащихся начальных классов у которых речевой язык в целом не развит. Определены потребности воспитания патриотизма у учащихся начальных классов у которых речевой язык в целом не развит (3 уровень). Описаны